

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 - 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1543 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1424 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2014 № 1424 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 – 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1 5 4 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 - 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы мен пайымы

Миссиясы. Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне жәрдемдесу және бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Пайымы. Неғұрлым дамыған, орнықты және прогрессивті эволюцияланатын жүйелердің бірі ретінде әлемдік қоғамдастық жіктейтін тиімді жұмыс істейтін мемлекеттік қаржы жүйесі.

2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларын (аяларын) дамыту үрдістерін талдау

1-стратегиялық бағыт

Қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу

1. Бюджеттің атқарылуы

1. Негізгі даму өлшемдері

Экономикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі болып табыла келе, оның тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін нақты және ықтимал қатерлерден Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасын қорғаудың жай-күйін сипаттайды. Экономикалық қауіпсіздік нақты және ықтимал қатерлерден қаржы жүйесін қорғау жағдайын көздейтін қаржылық қауіпсіздікті де қамтиды, мұнда мемлекет оның тұтастығын, тәуелсіздігін және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті.

Қаржы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) негізгі функциясы бюджеттің тиімді атқарылуын қамтамасыз ету, сондықтан осы стратегиялық бағыт кіріс бөлігінің толықтығын, бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін қамтамасыз ету, республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыруды және мемлекеттік борышты қауіпсіз деңгейде ұстауды қамтамасыз ету, бюджетті атқаруға және мемлекеттік мекемелердің шоттарына қазынашылық қызмет көрсету сапасын арттыру, мемлекеттік сатып алу процесінің тиімділігін оңтайландыру және арттыру және мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану кезінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру жөніндегі мақсаттарды біріктірді.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстан қазынашылығының негізгі мақсаты қаржылық есептіліктің толықтығын, тұтастығын және дәлдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қағаз құжаттамадан электрондық құжат айналымына көшу болып табылады. Көптеген елдер осындай реформаларды жүргізу кезінде бюджет процесінің түрлі кезеңдерінде пайдаланылған түрлі ақпараттық жүйелер арасында интеграцияның ішінара немесе толық болмауына байланысты күрделі міндетке тап болды. Қағаз құжаттарын кеңінен пайдалану және бюджет процесіне деректерді бірнеше рет енгізуді қолдану да уақытты және ресурстарды жұмсауға әкеп соғады. Бюджетті дайындау жүйесін және қазынашылық атқару жүйесін интеграциялау бюджетті атқару және міндеттемелер мен ақшалай қаражатты басқару мониторингін жетілдіру үшін қажет. Дүниежүзілік банк сарапшыларының пікірі бойынша осындай интеграцияның техникалық және пайдалану проблемаларының өткірлігі

тиісті бағдарламалық қамтамасыз етудің және дерекқорлардың, ақпараттық орталықты және желіні бірлесіп пайдаланудың, бюджеттің барлық деңгейлерінде шоттардың бюджеттік сыныптамасын/жоспарын үндестірудің және атқару, мониторингтеу және есептілік үшін барлық бюджеттік мекемелерге (орталық және жергілікті деңгейде) баламалы қауіпсіз қол жетімділікті қамтамасыз етудің тиісті интеграциясы есебінен төмендеуі мүмкін.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) «Қазынашылық-клиент» АЖ жұмыс істеу үшін мемлекеттік мекемелердің техникалық жарақтандырылуының болмауы

2) Интернет желісінің болмауы немесе тұрақсыздығы.

І ш к і ф а к т о р л а р

1) Өнім беруші Жүйенің іркіліссіз жұмыс істеуі үшін «Қазынашылық-клиент» АЖ сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді сапалы көрсетпеуі.

2. Ішкі мемлекеттік қаржылық бақылау

1. Негізгі даму өлшемдері

Бүгінгі таңда бағдарламалық-нысаналы бюджеттеу жағдайларында мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану кезінде бақылау объектілерінің қаржылық тәртібін арттыру мәселесі неғұрлым өзекті болып табылады.

Бақылау объектілерінің неғұрлым тәуекелге ұшырайтын бұзушылықтарын анықтау мақсатында ҚБК тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде бақылауға объектілерді іріктеуді қолданады. Осы жүйені қолдану бақылау объектілеріне жүктемені азайтуды ұйғарады және ТБЖ-ден алып тастау мақсатында бұзушылықтарды барынша азайтуға бақылау объектілерін уәждейді.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Сонымен қатар, айқындалған бұзушылықтарды неғұрлым толық жоюды талап ету мәселесі өзекті болып қалып отыр. Бұл ретте мемлекеттік қаржылық бақылауға кемшіліктер мен бұзушылықтарды тіркеу міндеті ғана емес, сонымен қатар осы проблемалардың туындауына әсер еткен себептерді де анықтау, сондай-ақ оларды алдағы уақытта жою және болдырмау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды қалыптастыру да жатады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы олардың жұмысының негізгі кезеңдерінің бірі болып табылады, оған сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі бақылау қызметтерінің жұмысын үйлестіруі жатады, бұл жұмысты оңтайландыруға және жоғары деңгейдегі тәуекелмен бақылау объектілеріне қолда бар ресурсты жіберуге мүмкіндік береді. Осылайша, өзара іс-қимыл ішкі бақылау қызметінің жұмысын бақылау және бағалау негізінде олардың сапалы қызметі мен стандарттар талаптарына сәйкестігі мақсатында

мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес жасалуы тиіс.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) бақылау объектілерінің Қазақстан Республикасының бюджет және өзге заңнамасын сақтамауы, бұзуы;

2) бақылау объектілерінің анықталған бұзушылықтарды орындамауы, уақтылы және толық жоймауы;

3) ішкі бақылау қызметтері еңбегінің төмен тиімділігі.

І ш к і ф а к т о р л а р

1) тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің және қаржылық бақылау дерекқорының болмауы;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі органның еңбек ресурстарының шектелуі.

3. Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудиторлық қызмет

1. Негізгі даму өлшемдері

Қазіргі уақытта еліміз әлемдік қауымдастыққа интеграцияланудың, есеп пен есептілікті автоматтандыруды және интеграциялауды дамытудың, халықаралық қаржылық есептілік стандарттары мен халықаралық аудит стандарттарын бейімдеудің маңызды кезеңінен өту үстінде. Бұл ретте бухгалтерлік есеп пен аудит саласында мамандарды сапалы даярлау және аттестаттау мәселесі өзекті болып отыр, өйткені қазақстандық мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету қажеттігі пайда болуда. Бұл міндетті кәсіби оқыту жүйесін жетілдіру және оларды даярлау деңгейін халықаралық деңгейге дейін көтеріп, кадрларымыздың біліктілігін арттыру жолымен шешуге болады.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Үнемі жетілдіріп отыратын есеп пен есептіліктің кәсіби стандарттарын пайдаланатын халықаралық қауымдастыққа ықпалдасу барысында бухгалтерлік есеп пен аудиттің халықаралық стандарттарын уақтылы таратуды қамтамасыз ету мәселелері республикада неғұрлым өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Пайдаланушыларды сауалдаудың ұлттық жүйесін құру нәтижесінде қаржылық есептілік пен аудит стандарттарын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру мүмкін, бұл Халықаралық бухгалтерлер федерациясына және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары қорына ұсыныстарды одан әрі жібере отырып, аталған стандарттарды қолдану жөніндегі проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспарын, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша желіні орындау үшін мемлекеттік қаржылық бақылау және аудит саласында халықаралық стандарттарға сәйкес мемлекеттік ішкі бақылау және

аудит функцияларының аражігін ашу, ішкі аудит стандарттарын бекіту және енгізу, сондай-ақ атқару билігі органдарында ішкі аудит бойынша құрылымды және 2014 жылы мемлекеттік аудит әдіснамасын әзірлеу жолымен Қаржы министрлігі жанында аудит стандарттарын үйлестірудің орталық органын ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар мамандарды оқыту және сертификат беру жүзеге асырылатын болады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитке көшу үдерісін 2018 жылға дейін толық көлемде аяқтау жоспарланып отыр.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

- 1) оқыту бойынша халықаралық донор ұйымдардың, сондай-ақ республикада мемлекеттік ішкі аудит бойынша сертификат алған мамандардың болмауы;
- 2) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі мамандарды даярлаудың төмен деңгейі.

І ш к і ф а к т о р л а р

- 1) бухгалтерлік есеп пен аудит салаларында оқуды жетілдіру және сертификат алу курстарын өткізу бойынша кадрлардың жоғары жүктемлілігі;
- 2) мемлекеттік қаржылық бақылау саласында аудиторларға сертификаттар беру жүйесінің болмауы.

4. Қоғамдық сектор қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттарын е н г і з у

1. Негізгі даму өлшемдері

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық мемлекеттік мекемелер қоғамдық сектор қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – ҚСХҚЕС) және есептеу әдісіне сәйкес әзірленген бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің жаңа ә д і с н а м а с ы н а к ө ш т і .

Есепке алу және есептілік, сондай-ақ оқыту әдіснамасын жетілдіру мақсатында, 2010 жылдан бастап жыл сайын Министрліктің сайтына орналастыра отырып, ҚСХҚЕС мемлекеттік және/немесе орыс тілеріне аудару жүзеге асырылады. ҚСХҚЕС өзекті жағдайда ұстау үшін Министрлік осы стандарттардың әзірлеушісі – Халықаралық бухгалтерлер федерациясының

ҚСХҚЕС комитетімен шарт жасады.

Мемлекеттік мекемелердің есептеу әдісі бойынша ҚСХҚЕС сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікке көшуі мемлекеттік сектордағы бұдан әрі реформаларына алғашқы қадам ғана болып табылады.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Осы елдердің парламентіне 10 жыл бойы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бере отырып, есептеу әдісіне көшкен Швейцария, Австралия, Жаңа Зеландия, Канада, Ресей сияқты елдердің халықаралық тәжірибесі осы мәселе

бойынша егжей-тегжейлі әдістемелік әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

Халықаралық практикада Шоттардың бірінғай жоспары (бұдан әрі – ШБЖ) қаржылық есептілік операциялары және оны жасау бойынша ақпараттың сыныптамасы, оны тіркеу кезінде мемлекеттік сектордың бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігінің негізгі құрылымы болып табылады.

ШБЖ әзірлеу бюджеттеу жүйесін және онымен байланысты бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін құру кезінде орындалатын алғашқы міндеттердің бірі және мемлекеттік қаржы-қаражатты басқару құрылымының маңызды бөлшегі және бюджеттік және қаржылық есепті үндестіру үшін негіз болып табылады.

Бухгалтерлік есеп жүйесі қаржы басқармасының талаптарын қанағаттандыру және бухгалтерлік стандарттарға сәйкес келтіру үшін ББС өзгертуді талап етуі мүмкін. Бухгалтерлік негіз ҚСХҚЕС-ке және есептеу әдісіне сәйкес келетін, сондай-ақ кассалық әдіс бойынша бақылау және есептілік үшін пайдаланылатын интеграцияланған ШБЖ әзірлеуге негізделген.

Реформалардың барлық кезеңдерін жүзеге асыру мемлекеттік секторда есептеу әдісі бойынша есеп пен есептілікті реформалау – бұл операциялар туралы толық және тегіс қамти алатын деректерді және үкіметтің қаржылық есептілігінде мемлекеттік сектордың жағдайын қалыптастыру мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар

1) Өнім берушінің ҚСХҚЕС-ті ағылшын тілінен мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудару бойынша қызметтерді ұсынбауы.

Ішкі факторлар

1) Қазақстанда ҚСХҚЕС саласындағы мамандардың болмауы.

5. Мемлекеттік сатып алу

1. Негізгі даму өлшемдері

Мемлекеттік сатып алуды орталықтандыру және «жалғыз терезе» қағидаты бойынша жүзеге асыру мақсатында «электрондық сатып алу» ақпараттық жүйесі - мемлекеттік сатып алу веб-порталы (бұдан әрі – мемлекеттік сатып алу порталы) құрылды.

Жалпы алғанда ақпараттық технологияларды қолдана отырып мемлекеттік сатып алу жүйесін дамыту тиімді бәсекелес ортаның пайда болуына, сатып алу рәсімдерін жүргізген кезде сыбайлас жемқорлық көріністерін одан әрі төмендетуге, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жеңілдету қажеттіліктеріне байланысты.

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен барлық мемлекеттік сатып алулар электрондық форматта ғана өткізілуде.

2011 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалануға және конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды электрондық форматта өткізуге құқылы. 2012 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік сатып алуды жүргізудің осы тәсілі электрондық мемлекеттік сатып алу арқылы ғана жүргізіледі.

2012 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жаңа тәсілі – аукцион енгізілді, ол мемлекеттік сатып алудың веб-порталында нақты уақыт режимінде электрондық форматта ғана жүзеге асырылады, 2012 жылдың екінші жарты жылдығында 660 аукцион өткізілді.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Мемлекеттік сатып алуды автоматтандыру бюджет қаражатын үнемдеудің және мемлекеттік сатып алу процесін негізсіз кідірту себептерін жоюдың неғұрлым тиімді құралдарының бірі болып табылады.

2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша мемлекеттік сатып алу порталында тіркелген қатысушылардың жалпы саны 242 453 құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 3 есеге көп.

Өнім берушілердің жалпы саны 2010 жылдан бастап 2,1 есеге өсті және 117 311 құрады, оның ішінде 53 423 – заңды тұлғалар, 63 888 – жеке тұлғалар.

Өнім берушілердің жалпы саны 2010 жылдан бастап 2,1 есеге өсті және 117 311 құрады, оның ішінде 53 423 – заңды тұлғалар, 63 888 – жеке тұлғалар.

Келушілер саны – 53 056 269, оның ішінде абсолюттік бірегей келушілер – 5 422 181, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 3,8 есеге көп.

Порталға кірген әрбір келуші орта есеппен 20 парақтан қарайды. Келушінің сайтта болу ұзақтығы орташа алғанда 15 минутты құрайды.

Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде Қазақстан Республикасы, Белоруссия Республикасы және Ресей Федерациясы арасында жасалған, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 8 шілдедегі Заңымен ратификацияланған Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) мемлекеттік сатып алу жүйесінің дамуына әсер ететін негізгі сыртқы факторлардың бірі болып табылады.

Келісімде Тараптардың барлық мемлекеттері үшін 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ұлттық режимді енгізу көзделеді. 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақстандық кәсіпкерлер үшін Келісім елдерінің кәсіпкерлері қатарында Ресей мен Беларусьтің сатып алуларына қатысуға үлкен мүмкіндік пайда болады. Оның үстіне Келісім жалпы алғанда біздің елдегі бәсекелестіктің дамуына да ықпал ететін болады.

Сонымен бірге пайдаланушыларда веб-порталмен жұмыс істеу дағдыларының болмауы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормаларын, мемлекеттік сатып алу порталында

орналастырылған электрондық форматта сатып алуды жүргізу нұсқауларын білмеу мемлекеттік сатып алу саласында Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзушылықтарына, порталда қалыптасатын есепті деректердің бұрмалануына, сондай-ақ пайдаланушылардың портал жұмысына наразылық келтіруіне әкеп соғады, бұл жалпы сатып алудың тиісінше өткізілуіне және дәйекті нәтижелердің қалыптасуына әсерін тигізеді.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р .

1) Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде Қазақстан Республикасы, Белоруссия Республикасы және Ресей Федерациясы арасында жасалған, Қазақстан Республикасы, Белоруссия Республикасы және Ресей Федерациясы арасында 2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу туралы келісім Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 8 шілдедегі Заңымен ратификацияланды.

І ш к і ф а к т о р л а р

1) пайдаланушыларда веб-порталмен жұмыс істеу дағдыларының болмауы;
2) пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормаларын, мемлекеттік сатып алу порталында орналастырылған электрондық форматта сатып алуды жүргізу жөніндегі нұсқауларды білмеуі.

6. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты, мемлекет кепілгерліктері бойынша борышты және квазимемлекеттік сектор борышын басқару және оның мониторингі

1. Негізгі даму өлшемдері

Қаржы министрлігі бюджеттік бағдарламаларды уақтылы қаржыландыруды жүзеге асыру үшін тиісті жылға бюджет тапшылығының бекітілген мөлшері шеңберінде ішкі және сыртқы нарықтарда қарыз алуды жүзеге асырады.

Қарыз алудың мақсаттары мен қаржы шекараларын белгілеу үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыру кезінде негіз болып табылады. Үкіметтің қарыздарды ақылға қонымды көлемде, мемлекеттік борышты сапалы басқару жиынтығында және оны қауіпсіз деңгейде қолдауда тартуы Қаржы министрлігінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ішкі үкіметтік қарыз алу республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру , сондай-ақ борыш құралдарының ішкі нарығын дамытуға жәрдемдесу үшін жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта бағалы қағаздардың ішкі нарығында айнарудың қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерімен мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі – МБҚ) ұсынылған. Қаржы министрлігі МБҚ капитал нарығында бағалық бағдарды белгілеу және отандық нарыққа қатысушыларға сенімді қаржы құралдарын ұсыну үшін жеткілікті көлемде

шығарады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін қолдау мақсатында Қаржы министрлігі инфляция деңгейіне индекстелген ұзақ мерзімді жинақтаушы облигацияларды (МЕУЖКАМ) шығарады.

Капиталдың сыртқы нарықтарында МБҚ (еурооблигацияларды) шығару бюджет тапшылығын қаржыландырудың баламалы көзі болып табылады. Негізгі әлемдік қаржы орталықтары арқылы халықаралық инвесторлармен жаңа ұзақ мерзімді қатынастарды белгілеу, сондай-ақ жаһандық инвесторлық базаны кеңейту және әртараптандыру сыртқы нарыққа шығу артықшылықтарының бірі болып табылады. Ойдағыдай транзакциямен инвесторлық базаны кеңейту Қазақстанға болашақта нарықтарға жылдам қол жеткізу мүмкіндігін береді.

Жалпы алғанда үкіметтік борышты қауіпсіз деңгейде ұстау кезінде бюджет тапшылығының тұрақты ұстамды мөлшерінің болуы теріс кірістілік жасау, сондай-ақ қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада күтулерді дұрыс бағалау үшін қажет айналымда мемлекеттік бағалы қағаздардың жеткілікті көлемін қамтамасыз етеді.

Сыртқы қарыз алу саласында халықаралық қаржы институттарының қарыздарын тарту жүзеге асырылады. Үкіметтік қарыз алудың оңтайлы деңгейін қалыптастыруды ескере отырып, борыш, оларға қызмет көрсетуге арналған шығындар және алдағы жылда үкіметтік сыртқы қарыз алу экономиканың дәстүрлі мамандандырылу секторларында ірі инвестициялық жобаларды іске асырумен байланыстырылатын болады.

Осыған байланысты алдағы ортамерзімді кезеңде Қазақстан Республикасы халықаралық кредиттік қатынастар саласында бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін әртүрлі халықаралық қаржы институттарымен, оның ішінде ХҚДБ, АДБ, ЕҚДБ, ЖХЫА, ИДБ, ЕИБ одан әрі ынтымақтастықты дамытуды жоспарлауда.

2. Негізгі проблемаларды талдау.

Қарыз алу есебінен республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру нәтижесінде үкіметтік қарыздың өсуі байқалады. Жыл сайын үкіметтік борыш бағамдық айырманы (шетел валюталарының кросс курстарының және АҚШ долларына шаққанда теңге бағамының ауытқулары) есепке ала отырып, қарыз алу есебінен қаржыландыру тапшылығының сомасына ұлғаяды. Сондықтан, республикалық бюджетті тапшылықпен қалыптастыру үкіметтік борыштың өсу себепі болып табылады.

Бұл ретте Үкіметтің күш салуы үкіметтік борыштың абсолютті көрсеткіштерін қысқартуға емес, қайта оны қауіпсіз деңгейде қолдауға және борышқа қызмет көрсетудің нақты құнын төмендетуге және оның серпінін экономикалық өсу қарқынымен келістіруге бағытталған.

Борыштың ЖІӨ мөлшерімен арақатынасы дүниежүзілік тәжірибеде

борыштық жүктемені бағалауға мүмкіндік беретін неғұрлым әдеттегідей борыш индикаторы болып табылады. Мысалға, мемлекеттік борыштың ЖІӨ қатынасы 2012 жылы 12,0% келді, 2013 жылы - 12,7% (ЖІӨ номиналды мәнінің өсуі есебінен төмендеуі) құрады. Борыштың осы деңгейі шектерден шықпайды, олардың артуы елдің дамуына қатер туғызады. Мәселен, ЕО елдері үшін критерий 60%, Кеден одағына қатысушы мемлекеттер үшін 50% аспауы тиіс.

Жүргізілген мониторинг көрсеткендей борыш индикаторларының белгіленген шекті жіберілетін деңгейлері рұқсат берілетін мәннің аясында тұрады және қауіп т ө н д і р м е й д і .

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес елдің және квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік борышының деңгейіне тұрақты бақылауды қамтамасыз ету қажет, оның ішінде ЖІӨ қатысты 2013 жылы 2,1%-дан 2015 жылы 1,5%-ға дейін бюджет тапшылығын төмендету есебінен.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкес басым жобаларды іске асыру қажеттігін алдағы жылдары назарға алған жөн.

Бүгінгі таңда мемлекеттік органдар тарапынан сұрау салулар келіп түсуі жалғасуда, сондай-ақ әртүрлі қарыз берушілер түрлі жобаларға қарыз беру мүмкіндігі туралы мүдде танытуда, тиісінше 5 жылдық кезең ішінде үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыру қажеттілігі ұлғая түседі.

Сыртқы қарыз алудың ұлғаюы мемлекеттік борыш өлшемдері мен көрсеткіштеріне теріс әсер ете алады, бұл жалпы алғанда елдің экономикалық қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.

Бюджет тапшылығын қалыптастыру көп жылдар бойы мынадай негізгі себептер бойынша жол берілмейтін болып табылады:

1) борыш капиталының ішкі нарығы сыйымдылығын шектеу;
2) мемлекеттік бағалы қағаздарды және ұлттық компаниялар қағаздарын артығымен ұсыну осы қағаздардың табыстылығына қысым көрсетуге әкеп с о ғ а д ы ;

3) үкіметтік борыштың өсуі нәтижесінде оған қызмет көрсету шығыстары мен Үкіметтің төлемге қабілеттілігі тәуекелдері артады;

4) инфляцияның фискалды теориясына сәйкес мемлекеттік борыштың айтарлықтай артуы ақшалай базаның және инфляцияның өсуінің жоғары қ а р қ ы н ы н а ә к е п с о ғ а д ы .

Демек, елдің салық-бюджет саясаты борыштың өсуі факторының бірі болып т а б ы л а д ы .

Қарыздың артуының негізгі сыртқы факторлары ретінде сыртқы нарықтардағы есеңгіреуді, ақша-кредит саясатындағы тепе-теңсіздіктерді,

экономикалық конъюнктураның ауытқуларын айтуға болады.

Сыртқы экономикалық конъюнктурадағы өзгерістер негізгі факторлардың бірі болып табылады. Ғаламдық экономикалық дағдарыстан кейін сыртқы қарыздың проблемасы өте өзекті бола түсті, оның салдарларын жеңу көптеген елдерде сыртқы қарыздың айтарлықтай өсе түсуімен жалғасты. Дағдарыс дүниежүзілік экономиканың құрылымын бұрын қолданылып келген осу негізінен айыра отырып, айтарлықтай өзгертті.

Мемлекеттік қарыз алу саясаты болашақта Үкіметтің республикалық бюджеттің жағдайына қарамастан, борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл үшін ЖІӨ өсу қарқынымен борыштың өсу қарқынының корреляциясын қамтамасыз ету қажет, үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстардың өсу қарқыны республикалық бюджет кірісінің өсу қарқынынан аспауы тиіс.

Үкіметтік борышты тиімді басқаруды қамтамасыз ету шеңберінде Қаржы министрлігі үкіметтік борыштың пайыздарын және валюта тәуекелдерін бағалау, валюталар, сыйақы мөлшерлемелері бойынша борыш құрылымын жеткілікті әртараптандыруды қамтамасыз ету, үкіметтік борыштың жалпы көлемінде сыртқы борыштың үлесін қысқарту бойынша жұмысты жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 962 Жарлығымен жаңа Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы мақұлданды. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты болашақ ұрпаққа арналған жинақтарды ұлғайту және Ұлттық қордың қаражатын жинақтауды үкіметтік қарыз алумен алмастыруды болдырмау бо л ы п та б ы л а д ы .

Тұжырымдаманың ережелері 2020 жылға Ұлттық қордың қаражатын 90 млрд. АҚШ долларына дейін жеткізуге бағытталған, бұл ЖІӨ-нің кемінде 30%-ын қ ұ р а й д ы .

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау
С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) сыртқы экономикалық конъюнктурадағы өзгерістер;
2) мемлекеттік бағалы қағаздарды және ұлттық компаниялар қағаздарын артығымен ұсыну осы қағаздардың табыстылығына қысым көрсетуге әкеп с о ғ а д ы ;

3) мемлекеттік борышты басқару тәуекелдерін бағалаудың жеткіліксіздігі.
І ш к і ф а к т о р л а р

1) Республикалық бюджетті тапшылығымен қалыптастыру.

7. Республикалық мемлекеттік меншікті бөлу және мемлекеттік меншік мониторингін жүргізу

1. Негізгі даму өлшемдері

Республикалық мемлекеттік меншік республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан (шамамен 297), 135 акционерлік қоғамнан және жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар 28 жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен тұрады.

Мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың қызметі уәкілетті мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауын және жедел араласуын талап етеді. Бақылауды қамтамасыз ету үшін Қаржы министрлігі мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларға тексеруді кезең-кезеңімен жүргізу және олардың негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне теріс әсерін тигізетін жағымсыз факторларды айқындау жолымен мемлекеттік меншікті басқару тиімділігіне мониторинг жүргізеді. Осындай бақылау мониторинг пен анықталған олқылықтарды жою бойынша ұсынымдамалар туралы есепті беретін тәуелсіз консультанттардың күшімен жүргізіледі. Министрлік «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» ҚР Заңына сәйкес стратегиялық объектілерге олардың көп бөлігі жеке меншікте немесе шетелдік инвесторлардың меншігінде тұрғанына қарамастан Қазақстанда олардың қызметі туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, мемлекеттік мониторингі жүзеге асырады.

Оның нәтижелері ел экономикасының жұмыс істеуі бойынша ақпараттық жай-жапсарының толықтығын қамтамасыз ету үшін мүдделі мемлекеттік органдарға жолданады.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Заманауи кезеңде мемлекеттік меншікті басқару әдістері мен тәсілдерді едәуір жетілдіруді талап етеді. Күнтізбелік кезеңнің қорытындылары бойынша залалдарға, активтер құнының төмендеуіне, әкімшілік шығыстардың өсуіне және т.б. жол берген мемлекеттің қатысуы бар шаруашылық субъектілерінің саны әлі де көп болып қалады.

Мемлекеттік мониторингінің нәтижелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен ақпарат алмасудың тиімділігін айқындау әрқашан да мүмкін бола бермейді.

Сондай-ақ республикалық мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті пайдалану (жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, жабдық және т.б.) олардың мақсатсыз және тиімсіз пайдаланылуына жол берілмеу мақсатында мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган тарапынан мемлекеттік бақылауды талап етеді.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар

1) мүдделі мемлекеттік органдардың тиімділік мониторингі және стратегиялық объектілер мониторингі нәтижесінде алынған негізделген ақпарат негізінде экономиканың мемлекеттік секторын да, сондай-ақ жалпы

экономикалық жағдайды да дамыту жөнінде уақтылы шешімдер қабылдауы;

І ш к і ф а к т о р л а р

1) өз көрсеткіштерін нашарлатуға алғышарттары мен тәуекелдері бар кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды нысаналы зерттеу және мұндай тәуекелдері мен теріс үрдісі жоқ объектілерді тексеруден алып тастау қажеттігі.

8. Бюджеттік кредит беру

1. Негізгі даму өлшемдері

Бүгінгі таңда бюджеттік кредит беру негізгі құралдардың бірі болып табылады, ол арқылы мемлекет өнеркәсіптің жеке салаларына да, сондай-ақ жалпы мемлекеттің экономикасына да қолдау көрсетеді.

Халықтың әлеуметтік қауіпсіздігін, игілігін, сондай-ақ тұрмыс сапасын жақсарту үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі «Қол жетімді тұрғын үй – 2020», «Дипломмен ауылға», «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы» сияқты әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін бюджет кредиттерін ұсынды.

Бюджеттік кредиттерді өтеу серпіні мынадай деректермен беріледі: 2010 жылы – 98,8%, 2011 жылы – 106,4%, 2012 жылы — 101,4%.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Бюджеттік кредит беру үстінде республикалық бюджетке түсімдер жоспарының жете орындалмауына тікелей әкеп соғатын қарыз алушылардың төлемге қабілетсіздігі негізгі проблема болып табылады.

Бюджеттік кредит беруді өтеу бойынша түсімдер жоспарының орындалуы оның артығымен орындалуына немесе жете орындалмауына сыртқы және ішкі факторларға әсер ететіндіктен, корреляциялық шама болып табылатынын атап ө т к е н ж ө н .

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Жоғарыда көрсетілгендердің негізгі себептері мыналар болып табылады:

- 1) қарыз алушылардың төлемге қабілетсіздігі;
- 2) бюджеттік кредитті мерзімінен бұрын өтеу;
- 3) республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде жоспарланбайтын бюджеттік кредиттің игерілмеген қаражатын қайтару;
- 4) бюджеттік кредиттің өтеу мерзімін қайта құрылымдау;
- 5) республикалық меншікке беру жолымен бюджеттік кредитті мүлікпен өтеу

І ш к і ф а к т о р л а р

- 1) төлемдер бойынша деректерді уақтылы жинамау және талдау;
- 2) төлемдер бойынша ақпаратты өңдеу кезінде жүйедегі ықтимал техникалық жаңылысу.

9. Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері

1. Негізгі даму өлшемдері

Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» 1993 жылғы 6 қыркүйектегі № 1344 Жарлығына сәйкес «Тұрғынүйқұрылысбанкі» ЖАҚ берген жеңілдікті тұрғын үй несиелерін алған азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 304 қаулысының 1-тармағын іске асыруға жыл сайынғы негізде 1999 жылғы 5 сәуірден бастап теңгенің айырбас бағамының өзгеруіне байланысты «Тұрғынүйқұрылысбанкі» ЖАҚ берген жеңілдікті тұрғын үй несиелерін алған азаматтардың міндеттемелерінің бір бөлігін республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Осы бағдарлама кестеге сәйкес кредит бойынша іс жүзінде берешекті өтеген Қарыз алушылар бойынша бағамдық айырманы «ЦентрКредитбанкі» АҚ-на төлеу жолымен іске асырылады.

Жоғарыда көрсетілген бағдарлама төлем қабілеттігі төмен болып табылатын халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары арасында әлеуметтік шиеленісін төмендетуге бағытталған.

2. Негізгі проблемаларды талдау

«Тұрғынүйқұрылысбанкі» ЖАҚ арқылы жеңілдікті ұзақ серзімді кредиттер алған азаматтар арасында тұрғын үйінен айырылу қауіпіне байланысты әлеуметтік шиеленістің ұлғаюу қауіпі бар.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау **С ы р т қ ы ф а к т о р л а р**

1) валюталар бағамының өзгеруі.

10. Мемлекеттік кепілдіктер

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін іске асыру мақсатында жартыжылдық негізде мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау Қазақстан имиджінде көрініс табады, сондай-ақ кредиттік рейтингті көтеруге мүмкіндік береді, ол өз кезегінде елге неғұрлым төмен мөлшерлемелер бойынша жаңа қарыздар тартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ инвестициялардың өсуін ынталандырады және мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша дефолт фактілеріне жол бермейді.

2. Негізгі проблемаларды талдау

1) мемлекеттік кепілдіктің күшіне енуіне тікелей әкеп соғатын қарыз алушылардың төлемге қабілетсіздігі;

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

1) валюталар бағамдарының, пайыздық мөлшерлемередің өзгеруі және т.б. салдарынан қарыз алушылардың төлемге қабілетсіздігі.

11. С а л ы қ т ы қ ә к і м ш і л е н д і р у

1. Н е г і з г і д а м у ө л ш е м д е р і

Салық жүйесін жетілдірудің негізгі мақсаттары салықтық әкімшілендіруді жақсарту және ұсынылатын салық қызметтерінің сапасын арттыру болып т а б ы л а д ы .

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытында жаңа бағдарларды, оның ішінде салықтық әкімшілендіруді кеңейтуді, Салықтық есептілікті шаруашылық субъектілерін электрондық есептіліктің толық режиміне кезең-кезеңімен көшіре отырып, оңайлатуды және м и н и м и з а ц и я л а у д ы белгіледі.

Салықтық әкімшілендіру айтарлықтай қол жеткізуге және жыл сайын салықтық қызметтердің сапасын арттыруға қарамастан салық қызметі органдарын тиімсіз басқаруға және салықтық бизнес-процестердің шамадан астам реттелуіне байланысты проблемалар бар.

Осы проблемалар салықтық міндеттемелердің орындалу көрсеткіштеріне әсер етеді. Осылайша, «Doing Business» Дүниежүзілік банкінің баяндамасына сәйкес Қазақстан салық міндеттемелерін орындау үшін салық төлеушілерге қажет у а қ ы т т ы төмендетуі қажет.

2. Н е г і з г і п р о б л е м а л а р д ы т а л д а у

Салық органдарының салық түсімдерін жинау жөніндегі жұмысы уәкілетті органдармен бірлесіп жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта барлық уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл бойынша проблемалар бар, бұл салық органдарының ағымдағы жұмысын күрделендіреді және тежейді және оның бұдан әрі дамуына кедергі болып табылады. Соған байланысты уәкілетті органдардың дерекқорларын өзекті ету жүргізілуде, бұл алымдар мен салықтардың толықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Н е г і з г і с ы р т қ ы ж әне і ш к і ф а к т о р л а р д ы б а ғ а л а у

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) дүниежүзілік бағаның металға құлдырауы, мұнайға бағаның құлауы және осының салдары ретінде өндіріс пен сату көлемінің құлауы;

2) жеңілдіктер мен преференциялар есебінен қаржы секторынан түсетін т ү с і м д е р д і ң төмендеуі;

3) Бейрезиденттер жобалары бойынша ірі келісімшарттардың аяқталуына байланысты жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі

І ш к і ф а к т о р л а р

1) Уәкілетті органдармен ақпаратты сапасыз алмасу және салдары ретінде

салық салу субъектілері мен объектілері және салық салумен байланысты объектілер туралы өзекті ақпаратпен салық органдарының дерекқорларын у а қ т ы л ы ж а ң а р т п а у ;

2) Салық жүйесінің жұмыс істеуі үшін әдістемелік және құқықтық базамен у а қ т ы л ы және толық қамтамасыз ету;

3) Салық қызметі органдарын уақтылы және толық материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету.

12. Кедендік әкімшілендіру

1. Негізгі даму өлшемдері

Соңғы жылдары Қазақстанның кеден қызметі кедендік әкімшілендіруді жетілдіру, кедендік рәсімдерді оңайлату, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (бұдан әрі – СЭҚ) мен жалпы халық үшін қолайлы жағдай жасау жағына белсенді шаралар қабылдауда.

2010 жылғы шілде айында Кеден одағында кедендік реттеудің құқықтық негіздері – Кеден одағының Кеден кодексі іске асырылып, Кеден одағына мүше мемлекеттердің бірыңғай кедендік аумағында қолданылуда.

Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы ережелерінің шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттерде: кедендік декларациялау және кедендік рәсімдерді қолдану; кедендік тазартумен және тауарларды шығарумен байланысты кедендік операцияларды жасау; тәуекелдерді басқару жүйесін (ТБЖ) пайдалана отырып, кедендік бақылау жүргізу және т.б. тәртібі біріздендірілді.

2010 жылғы 1 шілдеден бастап, Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының ережелеріне сәйкес Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан шыққан тауарлар, сондай-ақ үшінші елдерден шыққан және Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында еркін айналымға шығарылған тауарлар кедендік декларациялауға және кедендік тазартуға жатпайды, ал 2011 жылдың басынан бастап Кеден одағының аумағында тауарларды өткізу еркін жүзеге асырылады.

Тауарларды шығару кедендік декларация тіркелген күннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірілмей (2010 жылғы 1 шілдеге дейін – 2 жұмыс күнінде), ал тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты – 4 сағаттың ішінде (экспорт) жүргізіледі. Көрсетілген мерзімдер тәуекелдерді басқару жүйелерін пайдалана отырып, кедендік бақылау жүргізілетін уақытты қамтиды.

2010 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасында шетелдік тауарларды декларациялау кезінде міндетті құжаттардың тізбесі 3 (үш) негізгі құжатқа (КД беретін тұлғаның өкілетін растайтын құжат; коммерциялық және көліктік (тасымалдық) құжаттар) дейін қысқарды, лицензиялау институты қысқартылды, бұл 5 мың еуродан 19 мың еуроға дейін құрайтын лицензиялық алымды төлеу бойынша шығыстарды болдырмауға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасында тартымды инвестициялық климатты сақтау мақсатында кеден заңнамасында отын-энергетика саласындағы кедендік төлемдерді төлеу, төлеуден босату тәртібін регламенттейтін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың ережелерін сақтау көзделген. Электр энергиясын уақытша декларациялау рәсімі жойылды, электр энергиясын кедендік декларациялау тауарлар іс жүзінде өткізілгеннен кейін декларация беру жолымен жүргізіледі. Құбыржол көлігімен және электр беру желілерімен өткізілетін тауарларды кедендік рәсімдеу кезінде тауарларды іс жүзінде көрсету т а л а п е т і л м е й д і .

Арнайы, мысалы, декларация бергенге дейінгі шығарылыммен, яғни 40 күнге дейінгі мерзімге іс жүзінде пайызсыз мерзімі ұзартылатын жеңілдіктерді пайдаланатын уәкілетті экономикалық оператор институты енгізілді.

2010 жылғы қазаннан бастап кедендік декларацияны тексеру мен кедендік бақылау тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып жүргізіледі. Осы жүйе шеңберінде ТМД елдерінің арасында алғаш рет пост-кедендік бақылау кезінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану көзделген.

Шекарада бақылаушы органдардың іс-қимылдарын үйлестіру, тауарлар мен көлік құралдарына берілетін құжаттарды қабылдап алу мен беруді жүзеге асыру бойынша функцияларды кеден органдарына жүктей отырып, интеграцияланған к е д е н д і к б а қ ы л а у е н г і з і л д і .

Басқа бақылаушы органдармен қашықтан бірлесіп мониторинг жүргізу үшін мемлекеттік шекарада Кедендік бақылау комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесіне кеден органдарының 20-дан астам жұмыс орны мен 60-тан астам автомобиль өткізу пунктері қосылған.

Кеден одағының сыртқы шекарасында тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуіне бақылауды күшейту үшін шекараның өңірлік мониторинг орталықтары құрылды, теміржол, әуе және теңіз көліктерінің ведомствоаралық мониторинг жүйесіне қосу жүргізілуде, тауар туралы, тауарлардың транзиті мен оларды уақытша сақтау кезінде кедендік төлемдерді қамтамасыз ету сомаларының түсуі туралы алдын ала ақпараттың алынуы, тауарлардың әкетілуін бақылау кезінде экспорттық декларацияларды есепке алу, «Е-лицензиялау» дерекқорымен және басқа да бақылаушы органдарды интеграциялау, кеден одағы шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимыл және т.б. көзделетін КБК ақпараттық ж ү й е с і э з і р л е н у д е .

Кеден қызметінің жұмысын Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру бойынша халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамыту жобасы шеңберінде жұмыс жүргізілуде, сондай-ақ «Кедендік рәсімдердің жүктемесі» көрсеткіші бойынша «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі» халықаралық рейтингісінде Қазақстан

Республикасының ұстанымын жақсарту бойынша жұмыс жүргізілу үстінде.

Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауына сәйкес кедендік әкімшілендіруді жүйелендіру бойынша жұмыс жалғасатын болады.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 14 наурыздағы № 47-ө өкімімен «Салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді, онда мынадай бағыттарды іске асыру көзделген:

- 1) ұқсас сипаттамалары бар және бір тауар тобына жататын тауарлар үшін кедендік баж мөлшерлемелерін біріздендіру;
- 2) кеден қызметінің заманауи инфрақұрылымын құру;
- 3) электрондық декларациялауды енгізу;
- 4) жеке тұлғалардың коммерциялық жүктерді әкелуін реттеу;
- 5) құжаттарды барынша қысқарту арқылы кедендік әкімшілендіруді оңайлату ;
- 6) уәкілетті экономикалық операторлар институтын жетілдіру.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

- 1) еуроаймақ елдерінің борыштық проблемаларының шиеленісуіне бағытталған әлемдік экономикада дағдарыстық көріністер;
- 2) Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі;
- 3) тауарлар мен қызметтердің әлемдік нарығындағы сұранысынан тауар айналымына тәуелділік;
- 4) Кедендік Одақ мүшелері-елдерінің мүмкін ұлғаюы;
- 5) халықаралық саудада талап етілетін басқа мемлекеттік органдардың лицензиялары мен рұқсат беру құжаттары бойынша автоматтандырудың жоқтығы .

І ш к і ф а к т о р л а р

- 1) әзірленіп жатқан НҚА-ларды, оның ішінде ЕЭК шешімдерін, ТКТС-ке түзетулерді бизнес қауымдастықпен, мүдделі мемлекеттік органдармен және басқа да елдермен келісу процесінің ұзақтығы;
- 2) ішкі ақпараттық жүйелер интеграциясының жоқтығы;
- 3) кедендік қызметтің даму жобаларына консультанттардың ұсыныстарын есепке алу қажеттілігі;
- 4) компьютерлік жабдықтың, ақпараттық технологиялар саласындағы білікті кадрлардың жетіспеушілігі.

13. Оңалту және банкроттық рәсімдерінің жүргізілуін бақылау

1. Дамудың негізгі параметрлері

Екінші деңгейдегі банктердің ақпараты бойынша әлемдік

қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жекелеген кәсіпорындар кредиттерге қызмет көрсету мен облигациялық қарыздарды өтеуге байланысты қиыншылықтарды бастан кешіруде, бұл банкроттық, кредиторлардың, инвесторлар мен контрагенттердің алдындағы міндеттемелерді орындамау, салықтық міндеттемелерді орындамау тәуекелдерін құрайды, банктердің несиелік қоржынында теріс көрініс табады.

Өз кезегінде банк активтері сапасының нашарлауы құрылатын провизиялар көлемінің, шығындардың, капиталға қысымның өсуіне және соның салдарынан нақты секторға кредит беру мүмкіндігінің қысқаруына әкеп соқтырады, бұл нәтижесінде экономиканың өсімін тежейді.

Мемлекет дағдарыс жағдайларында өзіне экономикалық процестерді тұрақтандырушы рөлін ала отырып, екінші деңгейдегі банктерге, шағын және орта бизнес субъектілеріне, құрылыс саласы компанияларына айтарлықтай қаржылық қолдау көрсетті.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысы өзінің 2011 жылғы 11 ақпандағы «Нұр Отан» ХДП-ның XIII съезінде сөйлеген сөзінде нақты және қаржы секторларының орын алып отырған проблемалары туралы атап өтті және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен бірлесіп, дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) (бұдан әрі – Бағдарлама) қабылданды, оның шеңберінде берешегі 4,5 миллиард теңгеден асатын бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны кәсіпорындарды сауықтыру, олардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бөлігінде іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 17 ақпандағы Заңы қабылданды, ол жаңа жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу (берешекті реттеудің соттан тыс тәсілі) және қолданыстағы оңалту рәсімінің тиімділігін арттыру жолымен бизнес субъектілері үшін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігін кеңейтті, атап айтқанда, борышкердің меншік иесіне (құрылтайшыларына) оңалту рәсімін жүргізу құқығы берілді, кредиторлардың құқықтары (оның ішінде кепілдік) кеңейтілді, әкімшілік кедергілер алынды.

Оңалту рәсімі банкроттық туралы істен жеке дербес іс жүргізу болып бөлінді.

Оңалту рәсіміне құзыретіне кредиторлардың мүдделерін қозғайтын маңызды шешімдерді қабылдау кіретін кредиторлар жиналысы институты енгізілген.

Мүлікті және істерді басқару құқығын борышкерге сақтау мүмкіндігі (кредиторлар жиналысы шешім шығарған кезде) көзделген.

Оңалту рәсімінің қолданылуын, оңалту жоспарын, оңалту басқарушысының қорытынды есебін, сату, әкімшілік шығыстар жоспарын, кредиторлардың басқарушылармен жасалатын келісімдерді келісу бөлігіндегі уәкілетті органның функцияларын, сондай-ақ кредиторлар комитетін қалыптастыру және оңалту рәсімі кезінде оның бірінші отырысын шақыру бейне бір мемлекеттің жекелеген бизнес субъектілерінің қызметіне араласуы болып табылғандығын есепке ала отырып, аталған функциялар уәкілетті органның құзыретінен алынып тасталды және кредиторларға берілді.

Көрсетілген функцияларды алып тастау іс жүргізу шешімдерін қабылдау мерзімдерін қысқартады, бұл жалпы алғанда рәсім жүргізу барысына әсер етеді.

2012 жылы ғана қабылданған нормаларды ескере отырып, оңалту рәсіміне 42 ұйым енгізілген, олардың ішінде 33-іне оңалту рәсімін борышкерлердің меншік иелері (құрылтайшылары) жүзеге асырады.

Енгізілген нормалар Қазақстанда, кредит беру саласында бизнес жүргізуді айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының шеңберінде нормалар енгізілген, оларға сәйкес салық қызметінің органдары уәкілетті органның сұрауы бойынша салық құпиясын қамтитын банкроттар туралы мәліметтерді ұсынады. Салық органдарынан алынған мәліметтер банкроттық рәсімдерінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді және кредиторлар талаптарының қанағаттандырылу деңгейіне оң әсерін тигізеді.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия жойылды және басқарушының тіркеу түріндегі қызметін жүзеге асыруға ниет білдірген тұлғаларды есепке алудың неғұрлым жеңілдетілген нысаны көзделген.

Басқарушылардың бірыңғай тізілімі құрылды, заңнамалық деңгейде басқарушылардың қызметін жүзеге асыру үшін қойылатын талаптар нақтыланды және бірегейлендірілді.

Басқарушыларды тағайындау тәртібі олар тағайындалған кәсіпорындардың санына қарай, басқарушыларды топтарға бөлуді қоспағанда, ескере отырып жеңілдетілді.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Кредиторлардың талаптарын барынша өтеуді қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, борышкерлердің банкроттарының ескерілмеген қаржылық ағындарын және басқарушылардың құқыққа қайшы іс-әрекеттерін анықтау мақсатында 2012 жылы 4 тоқсанда Министрлік ведомстволары деректерінің негізінде банкроттық рәсімдер жүргізуге камералдық бақылау енгізілген болатын.

Конкурстық іс жүргізулердің ағымдық ахуалына жүргізілген талдау ерекше сипаттағы шаруашылық операцияларын айқындады, олар борышкердің іс-әрекеттерінде қасақана және жалған банкроттық белгілерінің барлығына үлкен ықтималдық үлесін көрсетеді.

Кредиторлар құқықтарын қорғауға бағытталған ашықтық және болжамдылық қағидаттарына негізделген дәрменсіздіктің тиімді жүйесін жасау мақсатында веб-портал құру жоспарланып отыр, онда автоматтандырылған интерактивтік ресурстар мен ақпараттық технологияларды қолдана отырып, уәкілетті органның бақылау және қадағалау функцияларын іске асырумен бір қатарда дәрменсіздік туралы мәліметтердің бірыңғай тізілімінің электрондық жүйесі қалыптастырылатын болады. Электрондық жүйе дәрменсіздік рәсімдеріндегі тұлғалар туралы мәліметтері бар басқа да мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен біріктірілетін болады.

Интернет порталды, электрондық алмасу мен бақылау процесінің автоматтандырылуын құру дәрменсіздік рәсімдерінің барлық мүдделі қатысушыларының борышкер туралы мәліметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етеді және рәсімдердің тиімділігін арттырады.

Сонымен бірге, басқарушылардың біліктілігінің аздығы да оңалту және банкроттық рәсімдерді жүргізу тиімділігіне кері әсерін тигізеді.

Банкроттық туралы заңнамаға енгізілетін өзгерістер шеңберінде басқарушылардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтын енгізу жоспарланады.

Әкімшілендіру мен бақылаудың нақты жүйелерін құру үшін, уәкілетті органның құзыретінен ақпараттық технологияларды қолдануды қоса алғанда, кредиторларға оңалту рәсімдерінде 11 келісу функциясы берілген болатын, банкроттық кезінде тағы 7-еуі беріледі деп жоспарланып отыр.

Осы шаралар қасақана (әдейі), жалған банкротты және міндеттерді орындаудан жалтаруда білінетін банкроттық және көлеңкелі табыстарды алу кезінде құқыққа қайшы іс-әрекеттерді уақтылы анықтауға, жолын кесуге бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау Сыртқы факторлар

1) банкроттық саласында ақпараттық жүйенің және борышкерлер туралы

мәліметтерге ие мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграцияның
ж о қ т ы ғ ы ;

І ш к і ф а к т о р л а р

1) оналтушы және конкурстық басқарушылардың банкроттық туралы заңнаманың талаптарын тиісті орындамауы.

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен атқарылатын функциялардың тиімділігін қамтамасыз ету

1. Бюджеттің орындалуының ашықтығы

1. Дамудың негізгі параметрлері

Мемлекеттік қаржылар статистикасының деректерін жинауға, өңдеуге және таратуға жауап беретін жалғыз ведомство Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы 2003 жылғы наурыздан бастап ХВҚ-ның Деректерді таратудың арнайы стандарттарына (ДТАС) және ХВҚ-ның деректерін таратуға арналған Стандарттар бюллетенінде метадеректерді орналастыра бастады. Қазақстан статистикалық қамтуға, кезеңділігіне, уақтылығы мен статистикалық деректерді шығарудың күнтізбелік жоспарларын таратуға және салықтық-бюджеттік сектор бойынша деректерге қатысты талаптарды орындай отырып, ХВҚ-ның арнайы стандарттарын сақтайды. Сондай-ақ, Қазақстанның рейтингін әлемдік аренада арттыру мақсатында, мемлекеттік қаржылардың статистикасы бойынша деректер халықаралық ұйымдарға, ЕурАзЭҚ-қа, рейтингтік агенттіктерге және т.б. ұсынылады.

Бюджет бойынша Халықаралық серіктестікпен жүргізілген бюджеттің ашықтығы бастамасы (БАБ) қаржы жүйелерінің мөлдірлігі мен есептілігі қағидаттарын іске асыру мақсатында тексерулер енгізудің жаһандық бағдарламасы болып табылады.

Тексеру әрбір екі жыл сайын азаматтық қоғамның тексерулер жүргізуі бойынша тәуелсіз мамандардың қатысуы кезінде жүргізіледі. Осы мақсаттарда, МПБ бюджеттің ашықтығы индекcін әзірледі, ол қоғамға үкімет ұсынатын бюджеттік процесс туралы ақпарат негізінде әрбір мемлекеттің бағасын қамтиды.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Зерттеуде халықаралық деңгейде танылған Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Қаржылық бақылаудың жоғары органдарының халықаралық ұйымы (ИНТОСАИ) сияқты ұйымдармен әзірленген бюджеттің мөлдірлігін бағалау критерийлері пайдаланылады. Тексеру үшін базалық негізге сегіз негізгі бюджеттік құжат қабылданған. Олардың ішінде Қазақстанда қолданыстағы бюджет заңнамасына сәйкес жеті құжат қана жасалады. Осы негізгі жеті құжат бюджет процесінің сатыларын қамтиды және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын,

жоба сатысындағы бюджетті, бекітілген бюджетті, азаматтық бюджетті, Үкіметтің бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін, бір айлық/тоқсандық кезеңділікпен бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептерді, сондай-ақ Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің е с е б і н қ о с а д ы .

ҚР Бюджет кодексіне сәйкес, олар Министрліктің ресми сайтында белгіленген мерзімдерде жариялауға не орналастыруға жатады.

2012 жылы негізгі бюджеттік құжаттарды тексерудің қорытындылары бойынша Қазақстан 100 зерттеліп жатқан елдер бойынша орташа бағадан 43 баллға асады, алайда бұл көрші елдер: Ресей, Грузия, Украина мен Моңғолияға қ а р а ғ а н д а т ө м е н .

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

1) ел бюджетінің ашықтығына жүргізілген бағалауға критерийлер мен тәсілдерді іріктеу процесіне Қазақстан ықпалының шектеулі мүмкіндігі;

2) бюджет ашықтығы индексінің деңгейін жыл сайынғы жіті қарау мүмкіндігінің жоқтығы, тексеру екі жылда бір рет жүргізіледі;

3) республика елді мекендерінің Интернет желісімен қамтылуының жоғары емес дәрежесі не желі жұмысының тұрақсыздығы;

4) жұртшылықтың бюджеттің атқарылуы туралы ақпаратқа Интернет желісі арқылы ғана шектеулі қол жеткізуі.

І ш к і ф а к т о р л а р :

1) ұлттық бюджет заңнамасының Бюджет бойынша халықаралық серіктестік әдіснамасына сәйкессіздігі;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің өз құзыреті шеңберінде ақпаратты уақытылы және толық көлемде орналастырмауы;

3) материалдың өзіндік ерекшелігіне (нысандардың біркелкілігі, кестелердің күрделілігі, шағын көрнекілігі) орай, бюджеттің атқарылуы туралы ақпаратты алуға жұртшылық мүдделілігінің төмен деңгейі.

2. Қ а з ы н а ш ы л ы қ ж ү й е с і

1. Дамудың негізгі параметрлері

Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіне Клиент ұсынған (мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, уәкілетті мемлекеттік органдар мен бюджеттік ұйымдар) қаржылық құжаттарды қабылдау және одан әрі өңдеу бойынша Қазынашылықтың функцияларын автоматтандыру үшін «Қазынашылық-клиент» мемлекеттік мекемелерімен электрондық құжат айналымын құру кезеңі басталған болатын.

«Қазынашылық-клиент» АЖ-ның мақсаты заманауи, интеграцияланған және

тиімділігі жоғары ақпараттық ортаны ұсыну арқылы қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелерімен Қазынашылықтың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады, жалпы алғанда, Жүйені енгізу мемлекеттік органдарға қызмет көрсету рәсімдерін жеделдетті.

«Қазынашылық-клиент» АЖ Қазынашылық комитетінің бірыңғай ақпараттық жүйесінде бірлескен жұмысқа мүмкіндік ұсынады. Өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде мемлекеттік мекемелер құжаттардың электрондық нысандарын толтырады. Тексергеннен, келіскеннен және бекіткеннен кейін осы құжаттар автоматты түрде ҚИАЖ-да қолжетімді болады. Мемлекеттік мекемелерге қашықтықтан қызмет көрсету есебінен қызмет көрсету жылдамдығы ұлғаяды, мемлекеттік мекемелердің қағаз, уақыт және көліктік шығындары қысқарады, әкімшілік кедергілер азаяды, адами фактор қателерінің есебінен қайтарулардың саны азаяды (құжаттарды енгізу кезінде форматтық-логикалық бақылау, қазынашылық жүйесінің анықтамаларына тікелей жүгіну).

Қазіргі уақытта Қазынашылық жүйесінде 13 мыңға жуық мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетіледі, Қазынашылық жүйесін нақты уақыт режимінде пайдаланушы 3,5 мың адам Қазынашылық ақпараттық жүйесінде мемлекеттік бюджеттің қаражатын есепке жатқызу мен жұмсау рәсімдерін жүргізе отырып, операцияларды жүзеге асырады. Күн сайын орташа есеппен 50 мың төлем жүргізіледі, Қазақстандық банкаралық есептер орталығынан күн сайын орташа есеппен 60 мың түсім келіп түседі. Айдың аяғында бұл көрсеткіштер екі есе артады, өйткені осы кезеңде мемлекеттік мекемелер негізгі (еңбекақы, жәрдемақы, салықтар және т.б.) төлемдерін жүргізеді.

Бюджеттің атқарылу рәсімдерінің маңыздылығын ескере отырып, Қазынашылықтың тікелей міндеті жүйенің өнімділігіне жүктеме артқан кезде, әрбір қаржы операциясының уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ету болып табылады.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Сонымен қатар, аудандық деңгейдегі мемлекеттік мекемелер компьютерлік техникамен жарақтандыруда жоғары деңгейге қол жеткізілгеніне қарамастан Интернет желісіне қосылуда проблемаларға тап болып отыр. «Қазақтелеком» АҚ-ның қажетті техникалық жағдайларының болмауына байланысты аудан және қала орталықтарынан алыс орналасқан мемлекеттік мекемелердің ең төмен өткізу қабілеті кемінде 128 Кбит/с байланыс арналары бойынша Интернет-байланысына қосылу мүмкіндіктері жоқ. Бұл ретте, Интернет-байланысына қосылуға қол жеткізгендердің өздері де желі жұмысының тұрақсыздығын атап өтуде.

Электрондық құжат айналымының заманауи жүйелері кәсіпорынның қызметін оңтайландыруда маңызды рөл атқарады. Кез келген салық төлеушінің қызметінде шот-фактура негізгі құжаттардың бірі болып табылады. Оларды

жазып беру бойынша талаптар мен жазып беру мерзімдері «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексімен регламенттелген. Искерлік қызмет электрондық құжаттар алмасу жолымен неғұрлым жиі жүзеге асырылып жатқан жағдайларда, дәстүрлі қағаз шот-фактуралар кедергі болады және оларды пайдаланған кезде ұйымдар мынадай, мысалы: оператор еңбегінің шығындары, қағаз, принтер, жеткізу, ірі мұрағаттар, салық органдарына тоқсан сайын шот-фактуралар тізілімдерін ұсыну және т.б. секілді елеулі қосымша шығыстарға ұ ш ы р а й д ы .

Мемлекет басшысы «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесін құруды тапсырды, оның мақсаты бизнес субъектілері арасында құжат айналымына жұмсалатын шығыстар мен уақытты азайту, бизнес субъектілерінің қазынашылық органдарымен және салық органдарымен ақпараттық іс-қимылын жақсарту, сондай-ақ жалған кәсіпорындардың қызметін алдын алу және жолын к е с у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазіргі уақытта барлық корпоративтік ақпараттың 30 %-ға жуығы электрондық түрде сақталуда. Барлық қалған ақпарат (70 %-ға жуығы) оны іздестіру кезінде біршама қиындықтар туғызып қағаз түрінде сақталып тұр, дегенмен осы арақатынас біртіндеп сақтаудың электрондық нысанының п а й д а с ы н а а у ы с у д а .

Құжат айналымын оңтайландыру мен ақпараттың өңделуін бақылау мәселелерінің түйінді мәні бар. Ақпараттық технологиялар мен өнімдердің тез дамидыны нарығы қазірдің өзінде құжат айналымының корпоративтік жүйелерін де, бизнес құрылымдардың мемлекетпен өзара іс-қимылы жүйелерін де пайдалануға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта салық есептілігі электрондық нысанда тапсырылады, бизнес-құрылымдар электрондық шот-фактураларды ж ү р г і з у г е д а й ы н .

Мемлекеттік сектормен өзара іс-қимыл кезінде мемлекеттік сатып алу шеңберінде орындалған жұмыстардың актілері, жүкқұжаттар, шот-фактуралар және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құжаттар секілді бірқатар растаушы құжаттар пайдаланылады. Бұдан басқа, өнім берушілердің пайдасына төлемдерді жүргізу үшін мемлекеттік мекемелер растаушы құжаттарды ұсынудан бөлек, жекелеген құжат – негіз болып табылатын шоттарды төлеуді қалыптастыруға міндетті.

Электрондық форматқа көшу салық органдарына шот-фактураларды жедел талдауға, уақтылы ден қоюға және жалған кәсіпорындар, егер олар жазып берген сот-фактураларда ешқандай қамтамасыз ету болмаса, қызметінің жолын кесуге м ү м к і н д і к б е р е д і .

Электрондық шот-фактураларды енгізу Қазақстанның «Doing Business»

рейтингіндегі позициясын жақсартуға мүмкіндік береді.

Электрондық шот-фактураларды (бұдан әрі – ЭШФ) жүргізу бойынша қызметтер өтеусіз негізде көрсетілетіндігін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ЭШФ ақпараттық жүйесі жобасын іске асыруды Қазынашылық комитетіне бекіту туралы шешім қабылдаған болатын.

Қазынашылық комитеті 2012 жылы «Электрондық шот-фактураларды (құру) қабылдау және өңдеу бойынша ақпараттық жүйесі» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеген және бекіткен болатын. Қазақстан Республикасында электрондық шот-фактураларды енгізу бойынша пилоттық жобаның қатысушылары айқындалды.

Әзірленген техникалық тапсырманың шеңберінде электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөнінде ақпараттық жүйені әзірлеу бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілетін болады.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) Жосықсыз өнім беруші (өнім беруші жоба бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді іске асырмаған жағдайда).

І ш к і ф а к т о р л а р

1) Жоба бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдерін қайта жүргізу (жарияланған конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, ол жобаны орындауға әсер етеді).

3. С а л ы қ т ы қ ә к і м ш і л е н д і р у

1. Д а м у д ы ң н е г і з і п а р а м е т р л е р і

Ұсынылатын салықтық қызмет көрсетулердің сапасын арттыруға арналған жұмыс тұрақты негізде бірнеше стратегиялық бағыттарда жүргізіледі.

Бірінші бағыт – мемлекеттік қызметтерді алу кезінде салық төлеушілер үшін ж а ғ д а й л а р д ы ж а қ с а р т у :

1) ұсынылатын салықтық қызмет көрсетулердің сапасын арттыру үшін, жүйелік негізде Ақпаратты қабылдау мен өңдеудің жаңа орталықтарын құру бойынша жұмыс жүргізілуде (ҚӨО) (2008 жылдан бастап 31 ҚӨО құрылған б о л а т ы н) ;

2) 2011 жылдан бастап Италияның тәжірибесі бойынша Республиканың барлық ірі аудандарында әрбір ҚӨО-ның жанынан «анықтамалық» модератор е н г і з у ;

3) 2010 жылдан бастап әкімдіктермен бірлесіп, салық органдарының кеңселері жоқ ауылдық округтерде Салық төлеушілердің терминалдарын енгізу: 2012 жылы Республиканың 14 облысындағы 548 ауылдық округке енгізілді;

4) 2009 жылдан бастап жыл сайын салық төлеушілерге салықтық өтініштердің бланкілерін ақысыз негізде тарату;

5) 2010 жылдан бастап «электрондық үкімет» шеңберінде екінші деңгейдегі банктермен (ТұранӘлем Банкі, Қазақстанның Халық Банкі, Альянс Банк) бірлесіп, банкоматтар және өзге де электрондық құрылғылар арқылы салықтар төлеу тетіктерін енгізу;

6) 2011 жылы салық органдарында «Атамекен» ҰЭП-ның консультативтік өкілдіктерін ашу. Атамекеннің консультанттары Республиканың барлық дерлік ірі аудандарында жұмыс істейді;

7) 2012 жылдан бастап Алматы қаласының салық органдарындағы ҚӨО-да кезектермен күрес әдістерінің бірі ретінде және салықтық қызмет көрсетулердің сапасын бақылау мақсатында, кезектілікті басқарудың электрондық жүйесі (КБЭЖ) енгізілді. 2013 жылы республиканың барлық ірі салық басқармаларында КБЭЖ-ны орнату бойынша жұмыс жүргізілуде.

Екінші бағыт – Электрондық қызметтердің тізбесін кеңейту және электрондық ақпарат алмасуды пайдалануға салық төлеушілерді тарту.

2. Негізгі проблемаларды талдау.

Қазіргі уақытта 33 салықтық қызметтен 23 қызмет толығымен және ішінара автоматтандырылды. 16 қызмет «электрондық үкімет» порталы (ЭҮП) арқылы қолжетімді.

2013 жылы ЭҮП-ға жеке кәсіпкер ретінде тіркеу және патент беру сияқты әлеуметтік маңызы бар қызметтер жіберілді. Барлық электрондық қызметтерді «Электрондық үкімет» порталына шығару бойынша жұмыстар жалғасуда.

Қазақстан бойынша орта есеппен кезекте күту уақыты ұзақтығының 29 минуттан 26 минутқа дейін қысқаруы байқалуда.

Сұрау нәтижелері салық органдары көрсететін қызметтердің сапасына бизнес ортаның да халықтың да қанағаттанушылығының оң өсу қарқынын көрсетеді.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар

1) салық төлеушілердің электрондық ақпарат алмасуда белсенділігінің төмендігі.

Ішкі факторлар

Салық төлеушілер қызметтерді алған кезде түпнұсқалар мен нотариальды куәландырылған құжаттарды, бақылау-кассалық машиналарды және т.б. ұсынуға байланысты жекелеген мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшірудің мүмкін еместігі.

4. Кедендік әкімшілендіру

1. Дамудың негізі параметрлері

Қазақстан Республикасының кеден органдарының қызметі және одан әрі дамуының негізін қалайтын бағыт - ұсынылатын қызметтердің сапасына бағдарланған халықаралық стандарттарға жауап беретін тұрақты, тиімді жұмыс

істейтін кедендік жүйені қалыптастыру болып табылады.

Қызметтің осы бағытына сәйкес, Комитет кеден қызметін дамыту жобасын жүзеге асыруда, ол Қазақстан Республикасының кеден қызметі жұмысының барлық салаларын қамтиды және Қазақстан Республикасы кеден қызметі жұмысының халықаралық стандарттарға сәйкестігін талдауды, халықаралық үздік тәжірибеге сәйкес жаңа әдістер мен технологияларды әзірлеуді және енгізуді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жаңғыртуды және дамытуды, техникалық жарақтандыруды, сондай-ақ кеден органдарының лауазымды тұлғаларын оқытуды қамтиды.

Кеден органдары тауарлардың контрабандасы мен есірткі құралдарының заңсыз айналымына ерекше назар аударды. Заң талаптарын бұзатын кез-келген әрекеттердің жолы кесіледі. 2013 жылғы 11 айда 620 қылмыстық іс қозғалған, олардың ішінде: 422 қылмыстық іс – экономикалық контрабанда бабы бойынша, 29 қылмыстық іс – кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден жалтару бойынша, 53 қылмыстық іс – тыйым салынған заттардың контрабандасы б о й ы н ш а қ о з ғ а л д ы .

Қозғалған қылмыстық іс бойынша тауарлар мен валюталардың сомасы 10 млрд. 716 млн. теңгені құрады. Қозғалған қылмыстық іс бойынша залалдың белгіленген сомасы – 5 млрд. 562 млн. теңгені құрады.

2013 жылғы 11 айда 11 787 әкімшілік іс қозғалды, 628 млн. теңге сомаға айыппұл салынды, 392 млн. теңге сомаға тауарлар мен көлік құралдары тәркіленді. Заңсыз айналымнан 244,8 кг есірткі құралдары алынды.

2. Негізгі проблемаларды талдау.

Кеден қызметін дамыту жобасы Дүниежүзілік Кеден Ұйымының кедендік әлеуетті арттыру жөніндегі әдіснамасы мен құрылымы негізінде әзірленді, бұл ретте әдіснаманың әрбір бөлімі Жобаның кіші компонентін қалыптастыруға негіз болды. Бұл кіші компоненттер мынадай бағыттар бойынша компоненттерге т о п т а с т ы р ы л ғ а н :

I. Институционалдық даму және кадрлық ресурстарды басқару.

II. Кедендік операциялар.

III. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

IV. Жобаны басқару.

Қазіргі уақытта консалтингтік келісімшарттарды іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде, олардың нәтижесінде кеден органдары қызметінің барлық негізгі бағыты мен олардың бизнес-процестерін жетілдіру, түрлендіру және қайта құрылымдау жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

Аталған консалтингтік келісімшарттардың нәтижелері бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және кеден органдарының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) дамыту үшін әдіснамалық негіз болып қызмет

етеді, кеден қызметінің әрбір бағытын толық автоматтандыруға арналған тиісті бағдарламалық қамтамасыз етулер мен ақпараттық жүйелердің пакетін кейіннен әзірлей және енгізе отырып, кеден органдары АКТ бірыңғай архитектурасы қ ұ р ы л а т ы н б о л а д ы .

Талдау және АКТ-нің құрылған архитектурасы нәтижелеріне негізделген қорытынды кезеңде кеден органдарын заманауи техникалық жарақтандыру (бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық жабдықты сатып алу) жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Қазіргі уақытта консалтинг шеңберінде қызметкерлерді қабылдау-жұмыстан шығару, аттестаттау, еңбекақы төлеу, жұмыс жағдайлары, ынталандыру, карьералық өсу, ауысу, ұстап қалу жүйелері мәселелерін қоса алғанда, адам ресурстарын басқару саясатына, жүйелері мен тәжірибесіне толық талдау және қайта қарау жүргізілген, басқарудың болашақ функционалдық рөлі мен сызбасы, адам ресурстарын басқарудың егжей-тегжейлі ұйымдастырушылық құрылымы мен болашақ стратегиясы әзірленген.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін қызметкерлерді жергілікті жерлерде оқытуға байланысты мәселелерді шешу үшін тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету және оқу материалдары бар ақпараттық технологиялар негізінде қ а ш ы қ т а н о қ ы т у ж ү й е с і ә з і р л е н д і .

Кедендік әкімшілендірудің жаңа прогрессивті технологияларын енгізу, кедендік рәсімдерді оңтайландыру, олардың транспаренттік деңгейін арттыру, СЭҚ қатысушыларын ақпараттандыру және оларға кеңес беру тәжірибесін кеңейту, сондай-ақ кедендік инфрақұрылым мен оның техникалық жарақтандырылуын дамыту, мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктерінің өткізу қабілеттерін ұлғайту сыртқы экономикалық қызметтің қолайлы жағдайларын қалыптастыруға, заңды және жеке тұлғаларға кеден қызметтерін ұсыну сапасын арттыруға, артық әкімшілік кедергілерді төмендетуге, халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал етеді және бизнес саласында экономикалық даму мен белсенділіктің өсу қарқынына оң әсерін тигізеді.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) Кеден қызметтерінің сапасына қанағаттанған СЭҚҚ-дан сұрау жүргізу кезінде кеден органдарының қызметін бағалаудың субъективтілігі;

2) Қазақстан Республикасының кеден органдарының қызметіне теріс те, оң да әсері бар геосаяси жағдайы (оң: мемлекеттің транзиттік әлеуетінің ұлғаюы мүмкін болуы, халықаралық сауда көлемінің ұлғаюы және т.б.; теріс: теңізден қашықтығы және соның салдарынан «Халықаралық сауда» индикаторы бойынша төмен р е й т и н г) ;

3) логистикалық инфрақұрылымның көліктік және ақпараттық

Ішкі факторлар

- 1) Мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда ұсыну үшін кеден органдарының ақпараттық жүйелерін дамыту және сүйемелдеу;
- 2) Институционалдық платформаны дамыту;
- 3) Адал ниетті СЭҚҚ үшін әкімшілік кедергілерді төмендету есебінен уәкілетті экономикалық операторлар институтын дамыту.

5. Халықаралық ынтымақтастық

1. Негізгі даму өлшемдері

Халықаралық қатынастардың және әлемдік сауда-қаржылық жүйесі шектерінің жана архитектурасын калыптастыру кезінде жаһандық шешімдер қабылдау үстінде Қазақстан Республикасын дамыту үшін Қазақстанның жетекші халықаралық және саяси құрылымдарда басқарушы органдарды, оның ішінде осы ұйымдардың жарғылық капиталында Қазақстан Республикасы үлесінің ұлғаюы расталатын халықаралық қаржылық ұйымдарды да (бұдан әрі – ХҚҰ) білдіру қажет. «Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі арқылы Қазақстан Республикасының атынан ХҚДБ, ХҚК, ХДҚ, ИККА, ЕҚДБ, АДБ, ИДБ осы халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүшелігіне жататын тиісті келісімдердің шарттарына сәйкес сомалар төлеп отыруды қамтамасыз етуге уәкілетті.

Осы құқық Қазақстанның олардың қаржы ресурстарына қолжетімділігін және тура пропорционалды қатысу үлесіне дауыс беруге қатысу құқығын айқындайды.

2. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Акцияларға қол қоя отырып, Қазақстан ХҚҰ акционері мәртебесіне ие болады және олардың жарғылық капиталдарына мүшелік жарналарды төлеуді тұрақты жүзеге асыру міндеттемелерін өзіне алады.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар

- 1) Әлемдік экономикадағы дағдарыстық көріністер;
- 2) Валюталар бағамының өзгеруі.

Ішкі факторлар

- 1) Қаржыландыру жоспарын халықаралық міндеттемелерді орындаудың өзгертілген кестесіне уақтылы сәйкес келтірмеу.

6. Қаржы мониторингі

1. Дамудың негізгі параметрлері

Қаржы мониторингінің ұлттық жүйесін құрудағы алғашқы қадам салыстырмалы түрде жақында 2010 жылғы 10 наурыздан бастап өз күшіне енген Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңды (АЖ/ТҚҚ) қабылдау болып табылады. Қазіргі уақытта заңнама Ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарға (АЖ/ТҚҚ және ОМУ) «Неғұрлым сәйкестік» және «Сәйкестік» бағаға дейін (ФАТФ-ның 40 ұсынымы) сәйкес келуі үшін жетілдіруді қажет етеді.

Осыған байланысты, ақшаны жылыстатудың криминалдануы және терроризмді қаржыландыру бөлігінде, қаржы мониторингі субъектілерінің орындауы үшін міндетті АЖ/ТҚҚ және ОМУ жөнінде шаралар белгілейтін мәселелер бойынша, құзырлы және бақылаушы органдарға қажетті міндеттерді беру мәселелері бойынша бөлігінде заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етіледі, сондай-ақ қаржы мониторингі субъектілерінің тізбесін кеңейту, ішкі бақылау қағидалары мен өзінің клиенттерін, бағдарланған тәсіл тәуекеліне негізделген қаржы мониторингі субъектілерін тиісті тексеру шараларын жетілдіру талап етіледі.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Қаржы мониторингі субъектілерінің (бұдан әрі – ҚМС) барлығы бірдей қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерді ұсынбайды. Осыған байланысты, ҚМ-1 нысанын толтыру кезінде ҚМС-ның проблемаларын анықтау мақсатында Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен және Күдіктілік критерийлерінің белгілерін қайта қарау жөніндегі республикалық нотариальдық палатамен бірлесіп жұмыс тобы құрылды.

Қаржы мониторингі комитеті (бұдан әрі – ҚМК) Қазақстанның ФАТФ ұсынымдарына сәйкестік рейтингін 2018 жылы 15 ұсынымға дейін «Неғұрлым сәйкестік» және «Сәйкестік» бағаға дейін жоғарылатуды жоспарлап отыр.

Осы көрсеткішке қол жеткізу үшін, Қаржы мониторингі комитетінің қызметі мынадай негізгі үш бағыт бойынша:

- 1) АЖ/ТҚҚ саласында заңнаманы жетілдіру;
- 2) Институционалдық ортаны дамыту және ҚМК-нің әлеуетін арттыру;
- 3) ҚМК-нің, мемлекеттік арнайы және құқық қорғау органдарының, қаржы мониторингі субъектілері және қоғамдық ұйымдардың мамандарын оқытуға бағытталды.

АЖ/ТҚҚ жүйесін жақсарту бойынша ұсынылатын іс-қимылдар жоспарының институционалдық шараларының бірі қадағалау органдарымен өзара іс-қимылды

жандандыру болып табылады. АЖ/ТҚҚ саласында мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен бірлескен келісімдерге қол қою, бірлескен семинарлар жүргізу жоспарланып отыр.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

Қазақстан ашық экономикалы, халықаралық қаржы-экономикалық қатынастарға интеграцияланған ел болғандықтан, операцияларды сапалы талдау:

1) Басқа мемлекеттердің қаржы барлау бөлімшелерімен өзара іс қимылсыз;

2) ҚМК-нің «Эгмонт» тобы, Қаржыны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу жөніндегі тобының (ФАТФ) және Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың (ЕАТ) жұмыс топтары мен Пленарлық отырыстарында қ а т ы с у ы н с ы з ;

3) екіжақты ынтымақтастықты дамыту – қаржы барлау бөлімшелерімен меморандумдарға қол қоюсыз мүмкін емес.

І ш к і ф а к т о р л а р

1) АЖ/ТҚҚ жүйесін дамыту мен Қазақстан Республикасының АЖ/ТҚҚ мен ОМУ-дың Халықаралық стандарттарына сәйкестік рейтингін арттыру мемлекеттік арнайы және құқық қорғау органдарының үйлестірілген жұмыстарына, сондай-ақ қаржы мониторингі субъектілері ұсынатын мәліметтер мен ақпараттарды жинау және өңдеу процестерін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету деңгейіне тәуелді болады;

2) Ақпаратты ұсыну нысандарын жетілдіру, күдіктіліктің жаңа критерийлерін заңнамалық бекіту, басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және деректер алмасу ҚМК-нің Бірыңғай ақпараттық талдау жүйесін дамытуды талап етеді.

7. «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі

1. Дамудың негізгі параметрлері

«е-Қаржымині» ұқсас жүйелерді құру бойынша кешенді тәсілдің әлемдік тәжірибесін ескере отырып іске асырылуы тиіс. Кешенді тәсіл дайын шешімдер мен қосымшалардың орталықтандырылған сәулетінің өнеркәсіптік модульдері базасында «е-Қаржымині» ИААЖ құрауышын іске асыруды білдіреді.

«е-Қаржымині» ИААЖ-ны құрудың негізгі мақсаты – интеграцияланған, қауіпсіз және сенімді ақпараттық кеңістікте орталықтандырылған сақтау, ақпаратты өңдеу және ҚР ҚМ бүкіл бизнес – процестерін қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік функцияларды орындау мен мемлекеттік қызметтерді ұсыну бойынша құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволарды қоса, ҚР ҚМ үрдістері автоматтандыруды (интеграциялауды) жүргізу үшін тексеру объектісі болып

т а б ы л а д ы .

Негізгі проблемаларды талдау

Министрлік Жобаны іске асыруы барысында мынадай проблемаларға тап
б о л д ы :

1) жергілікті орындарда кадрлардың жиі ауысуы – қайтадан қабылданған
қызметкерлерді оқытуға қосымша ресурстар қажеттігін туындататын проблема
және жүйеге күнделікті деректерді, мәліметтерді және т.б. енгізу жеделдігіне
э с е р е т е д і ;

2) оның айтарлықтай ауқымдылығы кезінде Жобаны іске асырудың қысқа
м е р з і м д е р і ;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Министрлік құзыреті
әдіснамасының жиі өзгеруі, оған байланысты Министрліктің сол немесе өзге
міндеттерін автоматтандыру бойынша жаңа талаптардың қажеттігі пайда болады,
ол сондай-ақ ресурстардың (уақыт, еңбек және т.б.) қосымша шығындарын талап
е т е д і ;

5) мемлекеттік органдармен өзара ақпараттық іс-қимыл қағидаларына ұзақ
келісілуі, бұл интеграциялық өзара іс-қимылды құқықтық қамтамасыз етуге
байланысты тәуекелдерді қатерге әкеп соғады.

3. Ішкі және сыртқы факторларды бағалау С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) Мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардың ақпараттық жүйелерімен «
е-Қаржымині» ИААЖ-ны біріктіруге мүмкіндік бермейтін техникалық және
з а ң н а м а л ы қ ш е к т е у л е р .

І ш к і ф а к т о р л а р

2) Жобалау-техникалық құжаттарды ұзақ келісу рәсімдерінің туындау
мүмкіндігі

8. Көлеңкелі экономика

1. Дамудың негізгі параметрлері

Экономиканың көлеңкелі секторының көлемдерін қысқарту мақсатында
Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30
қыркүйектегі № 969 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында
көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен
ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары»
атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасымен көзделген жалпыға
бірдей декларациялауға көшіруді қамтамасыз етуді тапсырды.

Көрсетілген бағдарламаны іске асыруда Үкіметпен Жалпыға бірдей
декларациялауға көшіру тұжырымдамасы бекітілген және Іс-шаралар жоспары (
Үкіметтің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі № 975 қаулысы) бекітілді.

Жоспарды орындау үшін, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – Заң жобасы) әзірленді.

Заң жобасы мынадай негізгі қағидаттарға негізделген:
мемлекет пен жеке тұлғаның әлеуметтік серіктестігінің нысандары ретінде жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкін декларациялауды енгізу;
салық шегерімдерін кеңейту арқылы әлеуметтік қолдау;
халық үшін мейлінше қолайлы табыстар мен мүлкті декларациялау рәсімін
қ ұ р у ;

салық салудың жекелеген режимдерін реформалау арқылы жеке тұлғалардың салық салуына біркелкі тәсіл;
жеке тұлғалардың табыстары сәйкестігін тиімді бақылау жүйесін құру.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстанда жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкінен айтарлықтай төмен салық ставкалары болған кезде, салықтарды төлеуден жалтару ауқымдары едәуір болып қалуда. Ресми статистиканың 2008 жылға деректер талдауы Қазақстан Республикасында тұрып жатқан жеке тұлғалар табыстарының шамамен 50 %-ына салықтар салынбайды. Қазақстан Республикасында шағын бизнестің, бағалы қағаздар нарығының, жылжымайтын мүлік нарығының дамуы жеке табыс салығы түрінде бюджетке түсетін түсімдердің барабар өсімін бермеді.

2008 жылы Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығы (Ұлттық қорды ескере отырып мемлекеттік бюджет табыстарынан шамамен 43 %) бюджет табыстарының негізгі көзі болып қалуда, ал жеке табыс салығының түсімдері аз үлесті (Ұлттық қорды ескере отырып мемлекеттік бюджет табыстарынан 6 %) қ ұ р а й д ы .

Дамыған елдерде бюджеттер негізінен жеке тұлғалардан алынатын салықтар есебінен қалыптастырылады. Атап айтқанда, шоғырландырылған бюджеттегі жеке табыс салығының түсімдері АҚШ-та - 60 %-ды, Ұлы Британияда, Швейцарияда, Швецияда - 40 %-дан, ЭЫДҰ елдерінде орташа - 30 %-ды, ал жалпы базадан алынатын әлеуметтік сақтандыруға жарналармен бірге табыс салығы сияқты - 55 %-ды құрайды.

Нарықтық экономиканы дамыту төлем көзінен салықты ұстап қалу жүргізілмейтін және заңнама бойынша жеке тұлғалармен дербес декларациялауға жататын жеке тұлғалар табыстары көлемінің ұлғаюын білдіреді, бұл өз кезегінде мемлекет тарапынан осындай табыстардың толық көрініс табуын тиімді бақылауды ұйымдастыруды талап етеді.

Сонымен бірге, жеке тұлғалардың салық салу мақсаттары үшін табыстарын көрсетуін жан-жақты қамтитын бақылауды қамтамасыз ету және салықтар

төлеуден жалтаратын тұлғаларды анықтау қиын, өйткені қазіргі уақытта табыстар туралы декларация мен мүлік туралы мәліметтерді республика халқының аздаған бөлігі ғана (Қазақстан Республикасы азаматтарының 3,8 %-ы) ұ с ы н а д ы .

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жеке тұлғалардың табыстарына салық салуды толық ауқымды әкімшілендіру міндеттерін шешу үшін, көлеңкелі экономика мөлшерлерін төмендету мақсатында халықтың табыстары мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау маңызды шарт болып табылады.

Көлеңкелі экономика деңгейін төмендету бойынша жұмыс шеңберінде кеден органдары тауарлардың контрабандасы мен есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күреске ерекше көңіл бөледі. Заң талаптарын бұзуға кез келген талпыныстардың жолы кесіледі. 2013 жылғы 11 айда 620 қылмыстық іс, олардың ішінде: 422 қылмыстық іс – экономикалық контрабанда бабы бойынша, 29 қылмыстық іс – кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден жалтару бойынша, 53 қылмыстық іс – тыйым салынған заттардың контрабандасы б о й ы н ш а қ о з ғ а л д ы .

Қозғалған қылмыстық істер бойынша тауарлар мен валюта сомасы 10 млрд. 716 млн. теңгені құрады. Қозғалған қылмыстық істер бойынша залалдың белгіленген сомасы 5 млрд. 562 млн. теңгені құрады.

2013 жылғы 11 айда 11 787 әкімшілік іс қозғалды, 628 млн. теңге сомаға айыппұлдар салынды, 392 млн. теңге сомаға тауарлар мен көлік құралдары тәркіленді. Заңсыз айналымнан 244,8 кг есірткі құралдары алынды.

2. Ішкі және сыртқы факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) Инфрақұрылымның жетіспеушілігі;

2) салықтар мөлшерлемелерінің жоғары деңгейі мен ұқсас тауарлардың кедендік баждарының әртүрлі мөлшерлемелері;

3) экономиканың импортқа тәуелділігі.

І ш к і ф а к т о р л а р

1) Жеке тұлғаның мүлкі туралы ақпаратты иеленушілер – мемлекеттік органдар дерекқорының өзекті еместігі;

2) кеден органдарының әлеуметтік-экономикалық қорғалмағандығы.

9. Мемлекеттік қызметтер

1. Дамудың негізгі параметрлері

Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға көңіл бөлу қажеттілігі туралы атап өтті. Міндет – мемлекеттік аппараттың халықпен өзара қарым-қатынастарындағы біржақты билік тәсілдерінен азаматтарға мемлекеттік қызметтерді тиімді және жедел көрсетуге өту.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Президенті жоғары ауқымды жекешелендірудің екінші толқыны туралы айта келе, жеке бизнес мемлекеттен гөрі әрдайым және қай жерде болса да тиімдірек әрекет ететіндігін атап өтті. Сондықтан да кәсіпорындар мен стратегиялық емес сипаттағы қызметтерді жеке қолға беру қажет. Бұл отандық кәсіпкерлікті нығайту үшін қағидаттық жағынан

м а ң ы з д ы қ а д а м .

Мемлекеттік қызметтер құнын айқындау әдістемесіне сәйкес қызмет беруші қызметтерді көрсетуінің экономикалық тиімділігін есептелмейді. Мемлекеттік қызметтер көрсету тиімсіз болған жағдайда, мемлекеттік қызметтерді көрсетуге арналған шығыстарды оңтайландыру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қызмет берушінің шығыстары құрылымына талдау жүргізіледі.

Осындай талдаудан кейін Қазақстан – 2050 стратегиясын орындау үшін қызметтерді бәсекелі ортаға беру бойынша ұйғарымдар жасауға болады.

2. Негізгі проблемаларды талдау

Мемлекеттік басқару аппаратының жиі ұйымдастырушылық өзгерістеріне байланысты Министрлік көрсететін мемлекеттік қызмет көрсетулер санының, сондай-ақ оларды көрсету тиімділігінің нақты айқын еместігіне байланысты.

Қызметтердің бір бөлігін жеке бизнеске беру туралы басқарушылық шешімдер қабылдау үшін оларды жүзеге асыру тиімділігінің толық мониторингі

қ а ж е т .

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р

1) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау, Мемлекет басшысының жолдауы, жаңа бюджеттік саясат тұжырымдамасын қабылдау және нәтижеге бағытталған Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру;

2) Министрліктің ведомстволарының сапалы мемлекеттік қызметтер көрсетуге ықпал ететін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері интеграциясының болмауы.

І ш к і ф а к т о р л а р

- 1) Сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі;
- 2) кадрлардың тұрақсыздығына байланысты әлсіз кәсіби деңгей;
- 3) Министрлікте мемлекеттік қызметтер көрсету арқылы ақпараттық жүйелердің жұмысындағы істен шығу.

3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

бюджеттің кірістеріндегі өндіріп алуға үмітсізді қоспағанда) бересі үлесі	ИСАС АЖ (ЭКНА) %	0,6	1,2	1	1	1	1	1
4. Өндіріп алуға үмітсізді қоспағанда, түгел есептелген өндіріп алу сомасының үлес салмағы	ИСАС АЖ (ЭКНА) %	34,4	22	23	24	25	26	27

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шара	іске асыру мерзімі				
	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Бюджеттің кіріс бөлігіне салықтардың түсімін ұлғайтудың салық салу базасын кеңейту мақсатында мұнайгаз секторының ірі компанияларында салықтық тексерулер жүргізу	x	x	x	x	x
2. Бизнес-процестер реинжинирингі	x	-	-	-	-
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жыл сайынғы есепті жасау және оны бекіту жөнінде құқықтық акті жобасын әзірлеу	x	x	x	x	x
4. Кірістер бойынша жоспардың орындалуын бағалау (трансферттер түсімдерін есепке алмағанда)	x	x	x	x	x
5. Электрондық есептілік режиміне көшу бойынша жұмыстар кешенін жүргізу	x	x	x	x	x

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдісі
1.1.2-міндет. Кеден төлемдерін төлеудің толықтығын және уақтылығын қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2012 жыл (есеп)	2013 жыл (жоспар)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Республикалық бюджет кірістері бойынша болжамның атқарылуы	Қазынашылықтың есепті деректері	%	100	100	100	100	100	100	100
2. Кеден төлемдері, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті өндіріп алу үлесінің ұлғаюы	КБК есепті деректері	%	10	11	12	13	14	15	16

Іске асыру мерзімі

2. Мемлекеттік органдар және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілер қабылдаған ұсынымдардың үлесі	Жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша консалтингтік фирмалардың есептері	%	30	32	34	36	37	38	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар					Іске асыру мерзімі				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігінің мониторингі объектілерінің, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізбесін қалыптастыру	x	x	x	x	x				
2. Ағымдағы кезеңде стратегиялық маңызы бар экономиканың саласында мемлекеттік мониторинг объектілерінің тізбесін қалыптастыру	x	x	x	x	x				
3. Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін өткізу	x	x	x	x	x				
4. Стратегиялық маңызы бар экономиканың саласында мемлекеттік меншік мониторингін өткізу	x	x	x	x	x				
5. Мемлекеттің, мониторинг объектісінің қатысуымен мемлекеттік мекемелерді және заңды тұлғаларды басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдарды әзірлеу	x	x	x	x	x				
6. Мониторинг объектілеріне стратегиялық маңызы бар экономиканың саласында мемлекеттік меншік мониторингінің объектілері қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу	x	x	x	x	x				
7. Мониторинг объектілеріне бағытталған ұсынымдарды қадағалау	x	x	x	x	x				
8. Мемлекеттің қатысуы бар мониторинг объектілерін зерттеу және нәтижелері туралы Есептердің электрондық дерекқорын және стратегиялық маңызы бар экономиканың саласында объектілерді қалыптастыру және қосу	x	x	x	x	x				
9. Мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу қағидаларымен анықталған Мемлекеттік мүлік тізілімін есепке алу объектілері бойынша мемлекеттік органдардың қолданыстағы ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету	-	x	-	-	-				
10. Жылдық қаржылық есептілікті бекіту, алдағы жылдың таза кірісін бөлу және қаржы жылының қорытындысы бойынша дивидендтерді (таза кіріс бөлігін) төлеу бойынша мемлекеттің қатысуы бар АҚ мен ЖШС корпоративтік рәсімдерді уактылы өткізу	x	x	x	x	x				
11. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың түсімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған республикалық мемлекеттік									

кәсіпорынның таза кірісі бөлігінің аударымдары туралы болжамды деректерді жинау және талдау			x	x	x	x	X		
12. Жұмыс істемей тұрған мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды тарату жөнінде шаралар қабылдау			x	-	-	-	-		
Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдіс 1.1.5-міндет. Республикалық мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті тиімді пайдалану									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2012 жыл (есеп)	2013 жыл (жоспар)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	
1. Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың келісілген және алынған мүлкінің үлесі	Қаржымині есепті деректері	%	-	50	52	54	55	57	
2. Республикалық меншік объектілерін сату бойынша өткізілетін аукциондардың жалпы көлеміндегі электронды аукциондардың үлесі	Мемлекеттік мүлік тізілімінің деректері	%	-	10	100	100	100	100	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар					Іске асыру мерзімі				
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкіне иелік ету бойынша мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың өтініштерін қарау немесе уәжделген бас тарту					x	x	x	x	x
2. Республикалық мемлекеттік меншік мүлкін жалға беру					x	x	x	x	x
3. Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың бекітілген тізбесіне сәйкес республикалық мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті мақсатқа сай пайдалануды бақылау					x	x	x	x	x
4. Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкін мақсатқа сай пайдалануды бақылау кестесін қалыптастыру, ММЖК аумақтық бөлімшелерінің бақылау жүргізуі, мемлекеттік органдармен мақсатқа сай артық, пайдаланылмаған не пайдаланылған мүлкті одан әрі пайдалануды және артық мүлікті, оның ішінде сот тәртібінде алуды келісу					x	x	x	x	x
5. Мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу қағидаларымен анықталған Мемлекеттік мүлік тізілімін есепке алу объектілерінің қосымша санатының мемлекеттік мүлкі тізіліміне енгізу					-	-	x	-	-

6. Жекешелендіруге жататын республикалық меншік объектілері құнына бағалау жүргізу	x	x	x	x	x
7. Жекешелендіруге жататын республикалық меншік объектілерін сауда-саттыққа қою	x	x	x	x	x

1.2-мақсат. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекеттің кепілгерліктері бойынша боры және квазимемлекеттік сектор борышы тәуекелдерін басқару және мониторинг
Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның коды 001, 002, 011, 013

Нысаналы индикатор	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2012 жыл (есеп)	2013 жыл (жоспар)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
1. Республикалық бюджетке борыштық жүктеме	Жоспар	%	8,5	10-15	10-15	10-15	10-15	10-15	10-15	10-15
2. «Елдің кредиттік рейтингі» жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің индикаторы	ДЭФ БҚИ есебі	Позиция	57	53	52	51	50	49	48	48

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдістері
1.2.1-міндет. Бюджет тапшылығын қаржыландыруды қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2012 жыл (есеп)	2013 жыл (жоспар)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
1. Бюджеттің тұтынушылығына сәйкес республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемі	«Республикалық бюджет туралы» ҚРЗ	%	100	100	100	100	100	100	100	100
2. Қарыз туралы келісім талаптарына сәйкес аудитталатын инвестициялық жобалардың үлесі	Көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісі	%	100	100	100	100	100	100	100	100

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар	Іске асыру мерзімі				
	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Қарыздың әрбір шарты бойынша ҚР Үкіметі атынан қарыздарды өтеу	x	x	x	x	x

2. Теріс кірістілікті жасау мақсатында тұрақты негізде мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару	x	x	x	x	x
3. Үкіметтік борыштың белгіленген параметрлерінің шеңберінде республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру	x	x	x	x	x
4. Инвестициялық жобалар аудитін жүргізу үшін аудиторды жалдау бойынша конкурс өткізу	x	x	x	x	x

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдіс 1.2.2-міндет. Қарыз берушілер алдындағы үкіметтік борышты өтеу мен қызмет көрсету бойынша міндеттеме орындау

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			
			2012 жыл (есеп)	2013 жыл (жоспар)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
1. Қарыз алу шарттарынан туындайтын негізгі борышты, сыйақы және басқа да төлемдерді төлеу бойынша төлемдерді уақтылы жүзеге асыру	Қаржымині есепті деректері	%	100	100	100	100	100	100

Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Іске асыру мерзімі				
	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1. Үкіметтік борышты өтеу мен қызмет көрсету көлемін анықтау	x	x	x	x	x
2. Алдағы айға республикалық бюджет қаражатынан үкіметтік борышты өтеу мен қызмет көрсету бойынша кестеге сәйкес төлемдерді қамтамасыз ету	x	x	x	x	x
3. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекеттің кепілгерліктері бойынша борыштың ағымдағы ахуалын және алдағы жоспарлы кезеңге арналған болжамын жыл сайын бағалауды жүргізу	x	x	x	x	x
4. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың, мемлекеттің кепілгерліктері бойынша борыш мониторингін жүзеге асыру	x	x	x	x	x

Нысаналы индикаторға қол жеткізу жолдары, құралдары мен әдіс 1.2.3-міндет. Макроэкономикалық тұрақтылық қолдау мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің белгілі ішкі қарыз мөлшерін сақтауын мониторингілеу

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			
			2012 жыл (есеп)	2013 жыл (жоспар)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
1. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі қарызының	ҚР жылдық статистикалық жинағы	ЖІӨ %	-	0,7	0,7	0,7	0,7	

жиынтығы жағдайын бағалау										0,7
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар					Іске асыру мерзімі					
					2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	
1. Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі қарыз бойынша ақпарат қалыптастыруын және ұсынуын қамтамасыз ету					x	x	x	x	x	
